

БІЗ КӨШБАСШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАЙМЫЗ!

NARXOZ

COLLEGE

ҮЗДІК
БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

11 000-НАН
АСТАМ
ТҮЛЕК

БІРІНШІ КУРСТАН ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

NARXOZ
COLLEGE

КӨШБАСШЫЛАР

ЭПИШ

ЕНТРЕ

ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!

Өзгерістер жылы

Кейде өзгерістер біртіндеп болады. Ал кейде - бір батыл қадаммен жүзеге асады.

Narxoz College үшін мұндай кезең 2024 - 2025 оқу жылы болды - колледж жай ғана «жаңарып» қоймай, өзін қайта қалыптастыруды бастаған жыл. Бұл өзгеріс жекеленген деңгейде емес, жүйелі түрде жүзеге асты.

Өз тарихында алғаш рет трансформация барлық саланы қамтыды: кеңістік, тәсілдер, адамдар, стандарттар және білім берудің философиясының өзі.



Деңгейді қалыптастыратын адамдар

Келесі маңызды қадам - оқытушылар құрамын күшейту болды.

Биыл колледж өз тарихындағы ең ауқымды академиялық команданы жаңарту жұмысын жүзеге асырды. Бұл үдеріске бизнес саласындағы практик мамандар, индустрия сарапшылары, жаңа буын жас оқытушылар және нақты корпоративтік тәжірибесі бар менторлар қосылды. Назар «теория үшін теориядан» практикалық жұмысқа, кейстерге және нақты дағдыларды қалыптастыруға ауысты. Енді сабақтар жай ғана оқулықтағы лекциялар емес. Бұл - нарықты, жобаларды және болашақ мамандықтарды модельдеу алаңы.

2026 - 2027

Жаңа кезеңнің бастау нүктесі

Бұл - жаңа кезеңнің басталу нүктесі. Naгhox College өзін жай ғана колледж емес, күшті, заманауи әрі премиум білім беру бренді ретінде толықтай орнықтыратын кезең.

Бұл - тек түлектер легін дайындайтын орын емес.

Бұл - болашақ көшбасшылар қалыптасатын орта.

1072

КӨШБАСШЫЛАР

Бүгінде Narхоз College-де 1072 студент білім алуда.

Көптеген студенттер үшін білім алу - тек дәрістер мен сынақтар ғана емес. Бұл - мамандыққа жасалған алғашқы қадам. Біреулер болашағын әлі жоспарлап жүрген кезде, біздің студенттер оны осында және дәл қазір құра бастайды. Үшінші курсқа жеткенде-ақ бірнеше ондаған студент серіктес компанияларда ресми түрде жұмысқа орналасып, оқуын жұмыспен қатар алып жүреді және тұрақты табыс табады - айына орта есеппен 200 000 теңге шамасында.

Мансап оқу барысында-ақ басталады.

Бұл - жай ғана қосымша жұмыс емес. Бұл - мансаптың саналы бастамасы. Мұндай нәтиже жүйелі тәсілдің нәтижесі: практикаға бағытталған бағдарламалар, сала тәжірибесі бар оқытушылар, нақты кейстер және еңбек нарығымен тығыз байланыс. Сондықтан Narхоз College түлектері оқу орнын «тәжірибесіз» емес, қалыптасқан маман ретінде тәмамдайды. Мұнда мансап дипломнан бұрын басталады. Дәл осылай болашақ көшбасшылар қалыптасады.



БІЗДІҢ КОМАНДА

Әрбір шешім - бағдарламаларды жаңартудан бастап колледждің толық трансформациясына дейін - кәсіби басқару мен ұзақ мерзімді көзқарастың нәтижесі. Сондықтан колледжге ата-аналар, студенттер және серіктестер сенім артады.

Өйткені олар біледі: оны өз ісінің үздіктері басқарады. Трендтерге жай ғана ілеспейтін, керісінше оларды қалыптастыратын адамдар.



**Оспанкулов
Ернур
Ерденевич**

Бас директордың
бірінші
орынбасары



**Жакупова
Заураш
Мухамеджановна**

Бас директордың оқу-
әдістемелік жұмысы
жөніндегі орынбасары



**Сматов
Бахытнур
Нурланович**

Қаржы
директоры



**Мухсина
Куралай
Женисбековна**

Бас директордың
Ақпараттық
технологиялар
жөніндегі орынбасары



**Зульярова
Зульмирям
Баратовна**

Бас директордың
құқықтық мәселелер
жөніндегі кеңесшісі



**Мамедова
Огылжан
Исмахановна**

Бас директордың
оқу ісі жөніндегі
орынбасары



**Жүнісбаев
Ерхан
Қалдарбекұлы**

HR басшысы

CEO

Абайдуллаев
Мақсат
Серікболұлы

NAKHUZ

COLLEGE

**БІЗ ЖАЙ ҒАНА КОЛЛЕДЖ ҚҰРМАЙМЫЗ.
БІЗ МІНЕЗ, ОЙЛАУ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ
ҚАЛЫПТАСАТЫН ОРТА ЖАСАЙМЫЗ.**

Біздің міндетіміз - студенттерге дипломнан да артық мүмкіндік беру: сенімділік, нақты дағдылар және өз мамандығында алда болуға дайындық.

Біз команданы күшейттік, инфрақұрылымды жаңарттық, білім беру жүйесін қайта құрып, сапаның жаңа стандарттарын енгіздік. Өйткені қазіргі заманғы білім уақыттан озып жүруі тиіс.

Nakhuz College - жеңіл жол іздемейтіндердің таңдауы. Бізге артылған сенімді күн сайын нақты нәтижелермен дәлелдеп келеміз.

Көшбасшылар қалыптасатын ортаға қош келдіңіз!

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Нәтижеге жұмыс істейтін білім

Бүгінде Narxoz College-де жеті білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда.

7 Бағыт.
Кәсіби траектория.
Еңбек нарығының сұранысына саналы жауап.

Бұл - кездейсоқ таңдалған мамандықтар жиынтығы емес. Әрбір бағдарлама «дәстүр бойынша» немесе «солай қалыптасқандықтан» пайда болған жоқ. Әрқайсысы - экономиканы, жұмыс берушілердің сұранысын және нарықтағы нақты қажеттілікті талдау нәтижесі.

Біз өзімізге басты сұрақ қойдық: болашақта бизнеске қандай мамандар шынымен қажет?

Содан кейін ғана оқу мазмұнын қалыптастырдық.



Кәсіби біліктіліктер мен сертификаттар - студенттеріміздің қосымша артықшылығы. Narhoz College-дегі білім беру оқу жоспарымен ғана шектелмейді. Біз студенттерді жұмыс берушілер мойындайтын халықаралық индустриялық біліктіліктер алуға бағыттаймыз. Бұл сертификаттар диплом алғанға дейін-ақ түлектердің түйіндемесін күшейтеді. Нәтижесінде біздің түлектер тек жергілікті еңбек нарығында ғана емес, халықаралық деңгейде де бәсекеге қабілетті болады.

· БАНК ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ІСІ

· ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ

· МАРКЕТИНГ

· МЕНЕДЖМЕНТ

· ҚҰҚЫҚТАНУ

· БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

· ЕСЕПТЕУ ТЕХНИКАСЫ
ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ЖЕЛІЛЕР

NARXOZ
COLLEGE

NARXOZ COLLEGE

БІЛІМ БЕРУ

БАҒДАРЛАМАЛАРЫ



ҚҰР АКАДЕМИЯЛЫҚ ТЕОРИЯ ЕМЕС - НАҚТЫ ҚҰЗЫРЕТТЕР.

Бүгінгі күні жұмыс беруші үшін тек диплом жеткіліксіз. Сондықтан Narxoz College білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының нақты талаптарына сүйене отырып құрады: дағдылар, кәсіби құралдар және бизнестің шынайы міндеттері.

Бағдарламалардың мазмұны жұмыс берушілермен және тәжірибелі мамандармен бірлесе әзірленеді. Нәтижесінде түлектер жұмысқа алғашқы күннен бастап дайын, ұзақ бейімделу кезеңінсіз еңбекке кірісе алады.

60% ПРАКТИКА. 40% ТЕОРИЯ.

Оқу уақытының негізгі бөлігі:

кейстер,
жобалық жұмыс,
жұмыс үдерістерінің симуляциялары,
командалық тапсырмалар,
нақты бизнес-міндеттер,
кәсіби құралдармен жұмыс істеу.

Теория - білімнің іргетасы. Ал тәжірибе студенттің сенімділігін қалыптастырып, кәсіби ойлау қабілетін дамытады.

Осындай тепе-теңдік Narхоз College-ді жай ғана білім беру алаңы емес, шынайы практикаға бағытталған колледжге айналдырады.

БІРІНШІ КУРСТАН БАСТАП - МАМАНДЫҚҚА АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ.

Біздің білім беру моделінің басты ерекшелігі - ерте кәсіби ортаға ену. Студенттер үшінші немесе төртінші курсты күтпейді: өндірістік тәжірибе бірінші курстан-ақ басталады.

Оқудың алғашқы кезеңінен бастап олар шынайы кәсіби ортамен танысып, мамандықта өздерін сынап көреді, қолданбалы міндеттермен жұмыс істейді және еңбек нарығының талаптарын түсіне бастайды.

Бұл тәсіл студенттердің жылдам дамуына және өз мансап жолын саналы түрде қалыптастыруына мүмкіндік береді.

БАНК ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ІСІ

Капиталды басқару. Тәуекелдерді талдау. Шешім қабылдау.
Қаржы жүйесі дәлдікті, тәртіпті және салқын есепті талап етеді. Осындай мамандарды «Банк ісі және сақтандыру ісі» бағдарламасы дайындайды.

Студенттер қаржы институттарының нақты жұмыс механизміне терең үңіледі: банктер қалай жұмыс істейді, сақтандыру өнімдері қалай қалыптасады, тәуекелдер қалай бағаланады және миллиондаған қаражатқа әсер ететін шешімдер қалай қабылданады. Оқу процесі қолданбалы міндеттерге негізделген: кейстерді талдау, есептілікпен жұмыс, банктік процестерді модельдеу, аудит және қаржылық бақылау.

Негізгі құзыреттер:

- банктік операциялар және есеп
- аудит және қадағалау
- бизнесті және тәуекелдерді бағалау
- сақтандыру
- экономикалық талдау

Түлектердің кәсіби бағыты:

банктік операциялар бойынша менеджерлер, банктердің, микроқаржы ұйымдарының, сақтандыру компанияларының және бизнес құрылымдарының қаржы бөлімдерінің мамандары.

Қаржы. Инвестициялар. Тәуекелдерді басқару.

Ұсынылатын халықаралық кәсіби бағыттар:

- CFA (Chartered Financial Analyst) - инвестициялық және қаржылық талдау
- CFI (Corporate Finance Institute) - қаржылық модельдеу, банктік операциялар
- FRM (Financial Risk Manager) - тәуекелдерді басқару
- CII (Chartered Insurance Institute) - сақтандыру және актуарлық негіздер
- Bloomberg Market Concepts (BMC) - қаржы нарықтарымен жұмыс

Практикалық дағдылар мен құралдар:

Excel Advanced / Financial Modeling / Power BI / банктік CRM жүйелері



Pan Ang

MAYOZ

MAYOZ

MAYOZ

ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ

Бизнес тілі - цифрлар. Біз студенттерді осы тілде еркін сөйлей білуге үйретеміз. Ешбір компания бухгалтерлік есеп пен қаржылық бақылаусыз өмір сүре алмайды.

Алайда қазіргі есепші - жай ғана «есеп жүргізуші» емес, қаржылық аналитик және стратег. «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы кәсіпорын экономикасын ішкі жағынан терең түсінетін мамандарды дайындайды:

салықтан бастап басқарушылық шешімдерге дейін. Студенттер нарықтағы нақты кәсіби құралдармен жұмыс істейді, соның ішінде 1С:Бухгалтерия жүйесін меңгереді, салық салу, мемлекеттік сатып алулар, қаржылық есептілік және бизнес тиімділігін талдау бағыттарын оқиды.

Негізгі құзыреттер:

- қаржылық және басқарушылық есеп
- салықтық есептілік
- 1С жүйесінде автоматтандыру
- банктік операциялар
- аудит және тәуекелдерді бағалау

Түлектердің кәсіби бағыты:

бухгалтерлер, қаржылық ассистенттер, аудиторлар, мемлекеттік сатып алулар бойынша мамандар, аналитиктер.

Бухгалтерлік есеп. Салықтар. Қаржылық бақылау.

Ұсынылатын халықаралық кәсіби бағыттар:

- ACCA (Association of Chartered Certified Accountants)
- DipIFR (ХҚЕС / IFRS)
- CAP/CIPA - кәсіби бухгалтер (ТМД / Орталық Азия)
- 1С: Професионал / 1С: Специалист
- Internal Audit / CIA (Certified Internal Auditor - бастапқы деңгей)

Практикалық дағдылар мен құралдар:

1С, Excel Advanced, Power BI, салықтық есептілік, мемлекеттік сатып алулар.



МЕНЕДЖМЕНТ

Адамдарды басқару. Жобаларды басқару. Нәтижеге қол жеткізу.

Бағдарлама компания экономикасын түсінетін, процестерді тиімді ұйымдастыра алатын, командаларды басқарып, стратегиялық шешімдер қабылдайтын әмбебап менеджерлерді дайындайды. Студенттер басқару теориясымен қатар нақты бизнес-кейстерді, жобалық жұмысты және менеджменттің цифрлық құралдарын меңгереді.

Негізгі құзыреттер:

- стратегиялық және цифрлық менеджмент
- персоналды басқару
- қаржылық менеджмент
- кәсіпорын экономикасы
- бизнесті және тәуекелдерді бағалау

Түлектердің кәсіби бағыты:

әкімшілер, project-менеджерлер, HR-мамандар, бөлім басшылары, жоба үйлестірушілері.

Басқару. Стратегия. Жобалар.

Ұсынылатын халықаралық кәсіби бағыттар:

- PMP / CAPM (Project Management Institute)
- PRINCE2 Foundation
- Lean / Six Sigma Yellow Belt
- SHRM / HR Fundamentals (HR бағыты үшін)
- Mini MBA / Business Foundations (Coursera, edX және т.б.)

Практикалық дағдылар мен құралдар:

Trello/Jira/Notion, Excel/Power BI, KPI-системалар



STRATEGY

NARXOZ
COLLEGE

МАРКЕТИНГ

Нарықты түсіну. Сұраныс қалыптастыру. Назарды басқару.

Бүгінгі маркетинг - бұл жай ғана жарнама емес. Бұл - стратегия, аналитика және деректер.

Студенттер нарықты кеңірек көруге үйренеді: тұтынушылардың мінез-құлқын талдау, цифрлық компанияларды іске қосу, брендтерді қалыптастыру және халықаралық нарықтармен жұмыс істеу. Оқыту барысында практикаға ерекше көңіл бөлінеді: нақты жобалар, зерттеулер, жарнамалық стратегияларды әзірлеу және digital-құралдарды қолдану.

Негізгі құзыреттер:

- digital-маркетинг
- маркетингтік зерттеулер
- логистика және тауартану
- жарнамалық қызмет
- халықаралық маркетинг
- аналитика және тәуекелдерді бағалау

Түлектердің кәсіби бағыты:

маркетологтар, SMM және таргет мамандары, бренд-менеджерлер, аналитиктер, бизнесті дамыту менеджерлері.

Бренд. Digital. Аналитика.

Ұсынылатын халықаралық кәсіби бағыттар:

- CIM (Chartered Institute of Marketing, UK)
- Google Digital Marketing & E-commerce Certificate
- Meta (Facebook) Blueprint Certification
- Google Analytics / GA4 Certification
- HubSpot Marketing Certification
- SMM / Performance Marketing Professional Certificates

Практикалық дағдылар мен құралдар:

Google Ads, Meta Ads, TikTok Ads, Canva / Figma, CRM, аналитика, SEO / SEM



ҚҰҚЫҚТАНУ

Заңды білу. Мүддені қорғау. Кәсіби әрекет ету.

Заңгер - бұл тек кодекстерді білу ғана емес.

Бұл - жүйелі ойлау, дәлел келтіру және өз ұстанымын қорғай білу қабілеті. Студенттер құқықтың негізгі салаларын және сот ісін жүргізу тәжірибесін меңгереді, нақты кейстерді, нотариат пен адвокатураның жұмысын зерттейді. Оқу процесі практикалық тапсырмаларға негізделеді: құжаттар дайындау, процестерді талдау және құқықтық жағдайларды қарастыру.

Негізгі құзыреттер:

- азаматтық және қылмыстық құқық
- процессуалдық құқық
- нотариат және адвокатура
- еңбек және әлеуметтік құқық
- зияткерлік меншік

Түлектердің кәсіби бағыты:

заңгер-кеңесшілер, адвокат көмекшілері, құқықтық бөлімдердің мамандары, мемлекеттік құрылымдар мен бизнес саласының қызметкерлері.

Құқықтық сараптама. Мүдделерді қорғау. Құжат айналымы.

Ұсынылатын кәсіби бағыттар мен мамандану:

- *Legal English / TOLES*
- *Compliance & Corporate Law Certificates*
- *Mediation / Negotiation Skills Certification*
- *Data Protection & Privacy (GDPR basics)*
- *Contract Law & Legal Writing Programs*
- *Нотариат және сот ісін жүргізу бойынша курстар*

Практикалық дағдылар мен құралдар:

электрондық іс жүргізу, құқықтық дерекқорлар, кейстерге құқықтық талдау.



БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Технологияларды тек қолдану емес, оларды жасау.
Цифрлық экономикаға әзірлеушілер қажет.

Дәл осы жерден IT саласындағы жол басталады. Студенттер код жазуды, сайттар мен қосымшалар жасауды, дерекқорлар құруды және толыққанды бағдарламалық шешімдер әзірлеуді үйренеді. Олар заманауи бағдарламалау тілдерін, мобильді әзірлеуді, веб-технологияларды, жасанды интеллект пен робототехника негіздерін меңгереді. Оқытуда практикаға басымдық беріледі: жобалар, хакатондар және нақты тапсырмалар.

Негізгі құзыреттер:

- *web және mobile әзірлеу*
- *дерекқорлар*
- *объектіге бағытталған бағдарламалау (ООП)*
- *алгоритмдер*
- *жасанды интеллект*
- *бағдарламалау технологиялары*

Түлектердің кәсіби бағыты:

junior-әзірлеушілер, web-бағдарламашылар, тестілеушілер,
IT-мамандар, мобильді әзірлеушілер.

Әзірлеу. Код. Технологиялар.

Ұсынылатын халықаралық кәсіби бағыттар:

- *Python / Java / JavaScript Professional Certificates*
- *Meta Front-End / Back-End Developer*
- *Google IT Automation with Python*
- *AWS / Azure / Cloud Foundations*
- *Oracle Database / SQL Certification*
- *Mobile Development (Android / iOS)*
- *AI / ML Foundations*

Практикалық дағдылар мен құралдар:

Git / GitHub, Docker, APIs, дерекқорлар, Agile / Scrum



ЕСЕПТЕУ ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ЖЕЛІЛЕР

Ешбір бизнес онсыз жұмыс істей алмайтын инфрақұрылым. Әрбір цифрлық жүйенің артында аппараттық база мен желілер тұрады.

Бағдарлама компьютерлердің, серверлердің, желілер мен коммуникациялардың қалай жұмыс істейтінін түсінетін, оларды баптап, қызмет көрсетіп және басқаруды меңгерген мамандарды дайындайды. Бұл бағыт IT-инфрақұрылымның «архитекторы» болғысы келетіндерге арналған.

Негізгі құзыреттер:

- желілер архитектурасы
- аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету
- операциялық жүйелер
- микропроцессорлық техника
- баптау және әкімшілендіру

Түлектердің кәсіби бағыты:

жүйелік әкімшілер, желілік техниктер,
IT-операторлар, техникалық қолдау мамандары.

Инфрақұрылым. Желілер. Жүйелер.

Ұсынылатын халықаралық кәсіби бағыттар:

- *Cisco CCNA / CCNP*
- *CompTIA A+ / Network+ / Security+*
- *Microsoft Azure Fundamentals*
- *Linux Essentials / LPIC*
- *ITIL Foundation (IT-қызметтер)*

Практикалық дағдылар мен құралдар:

серверлерді баптау, желілік әкімшілендіру,
киберқауіпсіздік, жүйелер мониторингі.



ҚОСЫМША ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

Барлық мамандықтарға арналған әмбебап сертификаттар



Excel Advanced & Data Analysis

Бизнеске арналған деректерді терең талдау. Студенттер үлкен деректер көлемімен жұмыс істеуді, қаржылық модельдер құруды, есептеулерді автоматтандыруды және цифрларға негізделген шешімдер қабылдауды үйренеді. Excel жай ғана кесте емес, аналитиктің негізгі құралына айналады.



Power BI / Business Intelligence

Деректерді визуализациялау және басқару. Студенттер Microsoft-тың заманауи BI-құралдарын меңгеріп, интерактивті дашбордтар, есептер және бизнес-аналитика жасайды. Бұл дағды қаржы, маркетинг, менеджмент және IT салаларында жоғары сұранысқа ие.



Critical Thinking & Problem Solving

Сыни ойлау және кейстерді шешу. Жүйелі ойлау, логика және стандартты емес жағдайларда тез шешім қабылдау дағдылары дамытылады. Форматы - бизнес-кейстер, компаниялардың нақты тапсырмалары және командалық жұмыс.



Business Communication & Negotiation

Іскерлік коммуникация және келіссөздер. Студенттер көпшілік алдында сөйлеу, презентация жасау, келіссөз жүргізу және іскерлік хат алмасу дағдыларын меңгереді. Олар жобаларды сенімді түрде қорғауды және серіктестермен тиімді жұмыс істеуді үйренеді.



Project Management Basics

Жобаларды басқару. Agile, Scrum, Kanban және тапсырмаларды басқарудың заманауи әдістерінің негіздері меңгеріледі. Бұл дағдылар кез келген салада мерзімдерді, ресурстарды және нәтижені тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.



Leadership & Soft Skills

Көшбасшылық және командалық жұмыс. Эмоционалдық интеллект, жауапкершілік, тайм-менеджмент және командада жұмыс істеу дағдылары дамытылады. Бұл алғашқы курстардан бастап басқарушылық ойлауды қалыптастырады.



CRM & Digital Tools

Бизнестің заманауи цифрлық құралдары. CRM жүйелерімен, процестерді автоматтандыру құралдарымен, онлайн-сервистермен және корпоративтік платформалармен жұмыс істеу тәжірибесі беріледі. Бұл студенттерді компанияларда нақты жұмысқа дайындайды.



Public Speaking

Шешендік өнер. Өз ойын сенімді жеткізу, ойды құрылымдау және аудиторияны сендіре білу дағдылары қалыптасады. Бұл менеджерлер, маркетингтер, заңгерлер және басшылар үшін маңызды қабілет.



Zero Coding / No-Code Tools

Бағдарламалаусыз цифрлық шешімдер жасау. Сайттар, сервистер құру және процестерді автоматтандыру үшін заманауи no-code платформаларымен жұмыс істеу үйретіледі. Бұл жобаларды күрделі әзірлеусіз-ақ жылдам іске қосуға мүмкіндік береді.

IELTS

English for Business / IELTS Preparation

Мансап пен халықаралық мүмкіндіктерге арналған ағылшын тілі. Кәсіби лексика, іскерлік хат алмасу, сұхбатқа дайындық және халықаралық емтихандарға әзірлік қамтылады. Бұл шетелде оқу мен жұмыс істеу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

NARXOZ COLLEGE СТУДЕНТІНІҢ ЖОЛЫ

2 КУРС

- Белсенді студенттік өмір
- Практика / экскурсиялар

2027

2026

1 КУРС

- Бейімделу
- Клубтарға іріктеу
- Сыртқы іс-шаралар
- Мансапқа кіріспе

2028

2029

СЕРІКТЕСТЕРІМІЗДЕ
РЕСМИ ЖҰМЫСҚА
ОРНАЛАСУ

УНИВЕРСИТЕТТЕРГЕ
3-КУРСҚА ТҮСУ

3 КУРС

- Практика / проекттер
- Ерте жұмысқа орналасу
- Жобалық жұмыс

W E L C O M E P A R T Y





GRADUATION

2025





11 154

ТҮЛЕК

Колледжге қайта келген түлектер

Колледждің күшін ғимараттар емес - адамдар айқындайды. Narxoz College бүгінде банктерде, IT саласында, бизнесте және мемлекеттік құрылымдарда жұмыс істейтін 11 000-нан астам маман дайындады.

Олардың колледжге қайта оралу себебі - серіктес, тәлімгер және Индустриялық кеңес мүшелері болу ретінде.

Біздің alumni тарихтары - жай ғана мансап жолы емес. Бұл - компаниялар, жаңа нарықтар және болашаққа салынған нақты инвестициялар.

Бұл енді жай ғана түлектер емес.
Бұл - мықты кәсіби қауымдастық.

NARXOZ
COLLEGE



КИРИЛЛ АКУЛОВ

ТАБЫСТЫ ТҮЛЕК

2021 жылғы түлек - Mega Server IT-компаниясының негізін қалаушы. Жаңа буын жас кәсіпкері, бүгінде технологиялық нарықты дамытып, alma mater-ін белсенді қолдап келеді. Колледжге 4 миллион теңгеден астам қаржылай қолдау көрсетті.








АЛЕКСЕЙ ПОПАДЧЕНКО

ТАБЫСТЫ ТҮЛЕК

Алексей Попадченко, 2011 жылғы түлек - Қазақстандағы ең ірі онлайн-бухгалтерлік платформалардың бірі mybuh.kz негізін қалаушы. Бүгінде оның сервисін ел бойынша мыңдаған кәсіпкерлер пайдаланады. Колледжді қолдай отырып, ол студенттердің дамуына **10 миллион теңгеден** астам инвестиция салды.



60%

практика

Narhoz College-де білім шынайы өмірден алшақ емес. Мұнда ескі конспектілер бойынша оқытпайды - мұнда күн сайын өз саласында жұмыс істейтін мамандар сабақ береді.

Біздің оқытушылар - тек педагогтар ғана емес, сонымен қатар нарықта белсенді қызмет ететін мамандар: бухгалтерлер, заңгерлер, маркетингшілер, менеджерлер және IT-әзірлеушілер.

40%

теория

Оқытушы өзі мамандықта жұмыс істеген кезде, оқу үдерісі жандана түседі. Студенттер жұмыс күні қалай өтетінін, қандай құралдар қолданылатынын, жұмыс берушіге қандай дағдылар қажет екенін және қандай қателіктерге жол бермеу керектігін түсінеді.

БИЗНЕСТЕН КЕЛГЕН ОҚЫТУШЫЛАР

Жұмыста бірден
қолданылатын білім

ЖІБЕК АЛАМАНОВА

есепші /нарық тәжірибесі бар оқытушы



Қаржылық және салықтық есеп саласында тәжірибесі бар маман. Компаниялардың есептілігін жүргізіп, банктік операциялармен жұмыс істейді және ішкі қаржылық процестерді ұйымдастырады.

Сабақ барысында нақты кейстер мен практикалық құралдармен бөлісіп, студенттерге мамандықты теория арқылы емес, нақты тәжірибе арқылы меңгеруге көмектеседі.



Банк және
сақтандыру ісі

ГУЛЬСИЯ КЫДЫРМОЛДАНОВА

есепші / нарық
тәжірибесі бар оқытушы

Нақты секторда жұмыс тәжірибесі бар, салықтық есептілік пен бизнестің бухгалтерлік сүйемелдеуі саласының сарапшысы.

Студенттерге есеп жүргізудің қолданбалы дағдыларын, 1С жүйесінде жұмыс істеуді, есептілік дайындауды және қаржылық талдау жасауды үйретеді. Нақты кейстерге басымдық бере отырып, алғашқы күннен жұмысқа дайын мамандарды қалыптастырады.



Есеп
және аудит

ИЛЬЯС КАСЕНОВ



Менеджмент

нарық тәжірибесі
бар оқытушы

Студенттерге
нақты

Команданы басқару,
операциялық қызмет пен
бөлшек сауда бизнесінің
коммерциялық
көрсеткіштері
бойынша тәжірибесі
бар практик
маман.
Процестердің
тиімділігін
арттыру,
сатуды дамыту
және
персоналды
жетілдіру
бағыттарында
жұмыс
істеген.

бизнес-кейстерге
негізделген
қолданбалы



НҰРБАҚЫТ ЖАНЫСБАЙ

GO әзірлеуші/

нарық тәжірибесі бар оқытушы

Коммерциялық әзірлеу тәжірибесі бар практик IT-маман. Backend-жүйелермен, сервистер архитектурасымен және заманауи технологиялармен жұмыс істейді. Сабақ барысында индустриядағы нақты кейстер мен тәсілдермен бөлісіп, студенттерге әзірлеуді тәжірибе арқылы меңгеруге және алғашқы күннен бастап нарық талаптарына дайындалуға көмектеседі.



Бағдарламалық
қамтамасыз ету

ШОЛПАН АБЕНОВА

заңгер

Азаматтық және корпоративтік
құқық тәжірибесі, сот
процестері және
құжаттармен жұмыс.
Құқықты нақты кейстер
мен кәсіби жағдайлар
арқылы оқытады.



Құқықтану



АЙГЕРИМ КАБЫШЕВА

маркетолог және бизнес-тренер



Брендтерді ілгерілету және бизнесті дамыту саласында жұмыс істейтін практик маман. Нақты маркетингтік стратегиялармен, digital-құралдармен және компаниялардың кейстерімен жұмыс істейді.



Маркетинг

ЖҰМЫС БЕРУШІ - СЕРІКТЕСТЕР

Narxoz College - нарықтан оқшауланған колледж емес.
Бұл - тірі іскерлік экожүйенің бір бөлігі.

Оның қатарында нарықтың жетекші ойыншылары бар:
Forte, Kaspi, Halyk Bank, CenterCredit, Freedom, Beeline, Kolesa
Group, Daru, MyBuh.kz, Neomarkets, Ustem Foundation,
сондай-ақ Poreyes, ZERO CRM және ондаған басқа
компаниялар.

Бұл - жай ғана формалды келісімдер емес.

Бұл - нақты жұмыс істейтін серіктестік қатынастар.



ForteBank

ЕРТЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ.

Narxoz College - жай ғана білім алатын орын емес. Бұл - мамандыққа бастайтын алғашқы қадам.

НАҚТЫ МАНСАП.

Колледж моделі бастапқыдан-ақ тәжірибеге негізделіп құрылған: оқу процесі жұмыс берушілердің талаптарымен үйлестірілген, ал білім беру жүйесі бизнеспен тығыз байланыста ұйымдастырылған. Сондықтан студенттер үшін «дипломнан жұмысқа» көшу күйзеліс тудырмайды - ол табиғи түрде жүзеге асады.

18 ЖАСТА ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ

Мансап оқу
кезінде-ақ
басталғанда



Көптеген студенттер әлі теориямен ғана танысып жүрген кезде, Narhoz College студенттері өз мамандығы бойынша жұмыс істей бастайды. Мұнда білім алу мансапты «кейінге қалдырмайды» - оны бірден іске қосады.

Елнұр Қалмұхамет, «Менеджмент» бағытының үшінші курс студенті осы тәсілдің айқын мысалы. Ол 18 жасында тек білім алып қана қоймай, өзінің жеке бизнесін дамытып келеді: шағын және орта бизнеске, сондай-ақ жеке брендтерге арналған «толықтай» бейне-өндіру, сонымен бірге кәсіби студияны жалға беру қызметін ұйымдастырған.

Бұл - толыққанды операциялық қызмет: клиенттермен жұмыс, жобаларды басқару, бюджетті жоспарлау, түсірілімдерді ұйымдастыру және командаға жетекшілік ету. Негізінде - өз процестері мен нәтижеге жауапкершілігі бар шағын компания.

Колледжде алынған білім бірден нақты құралдарға айналады. Менеджмент және басқару пәндері команда құрылымын қалыптастыруға көмектессе, маркетинг клиенттер табуға мүмкіндік береді, ал қаржылық пәндер шығындарды бақылап, жобаны дамытуға жағдай жасайды.

Сондықтан оқуын аяқтаған кезде мұндай студенттер еңбек нарығына «бастапқы деңгейдегі маман» ретінде емес, нақты портфолиосы, кейстері және басқару тәжірибесі бар дайын кәсіби маман ретінде шығады.

БИЗНЕС ЛЕКЦИЯЛАР

Narxoz College-дегі білім беру үдерісі еңбек нарығымен тұрақты диалог негізінде құрылады. Студенттер кәсіпкерлермен, топ-менеджерлермен, банкирлермен, маркетингтармен және IT-мамандарымен үнемі кездесіп отырады.

Қонақ дәрістер мен практикалық сессияларды теорияшылар емес, күн сайын бизнес шешімдерін қабылдап, командаларды басқарып және нақты экономикалық жобаларды жүзеге асыратын мамандар өткізеді.

Олар студенттермен өзекті кейстерді, жұмыс құралдарын және жұмыс берушілердің нақты талаптарын бөліседі — яғни бүгінгі нарықта шынымен қажет білім мен тәжірибені.



Осылайша аудитория
индустрияның жалғасына
айналып, ал оқу үдерісі кәсіби
ортаға барынша жақындай
түседі.



ТОП КОМПАНИЯЛАРДАҒЫ ЭКСКУРСИЯЛАР

Қазіргі білім беру лекциялар мен конспектілер шеңберінен әлдеқашан шығып кеткен. Мамандықты түсіну шешімдер қабылданып, нақты өнім жасалатын жерде - компаниялардың ішінде қалыптасады.

Сондықтан Naqhoz College-де оқу кампус шеңберімен шектелмейді. Студенттер банктерге, IT-компанияларға және серіктес ұйымдардың корпоративтік кеңселеріне барып, жай экскурсия емес, нақты жұмыс ортасына еніп тәжірибе жинайды.

БИЗНЕС БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН БІЗБЕН БІРГЕ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ.

Ынтымақтастық тек тәжірибемен ғана шектелмейді.
Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларының өздерін
дамытуға да белсенді қатысады:

- студенттердің дағдылары бойынша кері байланыс береді
- құзыреттерді жаңартуға көмектеседі
- заманауи құралдар мен технологияларды ұсынады
- колледждің Индустриялық кеңесінің құрамына кіреді

Осының арқасында бағдарламалар ескірмейді. Олар еңбек
нарығының нақты қажеттіліктеріне сәйкес үнемі жаңартылып,
бейімделіп отырады.



КОЛЛЕДЖ - ТҰТАС ЭКОЖҮЙЕ.

Бүгінде Narxoz College - жай ғана білім беру алаңы емес.

Бұл - тоғысатын орта:

- студенттер
- оқытушылар мен жұмыс берушілер

Дәл осындай модель бізге еңбек нарығы ертеңнен бастап қажет ететін мамандарды даярлауға мүмкіндік береді. Өйткені біз үшін серіктестер - баннердегі жай ғана логотиптер емес.

Олар - студенттеріміздің болашақ жұмыс берушілері.



БІЗДІҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІМІЗ

Narxoz College талапкерлер, ата-аналар және серіктестер үшін әрдайым ашық.

Қабылдау комиссиясы 25 маусымнан 30 тамызға дейін жұмыс істейді - оқуға түсу, мамандықтар және оқу шарттары бойынша кеңес алу үшін бізге жүгінуге болады.

Біз сіздің сұрақтарыңызға жауап беруге және болашақ мамандығыңызға сенімді қадам жасауға әрқашан дайынбыз.



Біздің INSTAGRAM

Мекен-жай:

Алматы қ., 10-шы шағын ауданы, 7А

Телефон:

+7 (706) 808 00 02



**БІЗ КӨШБАСШЫЛАРДЫ
ДАЙЫНДАЙМЫЗ!**

NARXOZ
COLLEGE

info@college-narxoz.kz

|

collegenarxoz.kz